

К.Б. Жолдыбаева, Ж.Н. Ахмедьянова, Н.Б Сағындық., Д.М. Турлина
(Ғылыми жетекші - к.б.н., доцент Турлыбекова Г.К.)

«БҰЙРАТАУ» МҰТП-да КЕЗДЕСЕТІН ЖҰПТҰЯҚТЫЛАР ОТРЯДЫНЫҢ (ARTIODACTYLA) ТҮРЛЕРІ

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғат паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі 2011 жылдың 11 наурызында Қазақстан Республикасының ашық кеңістігінде пайда болған соңғы табиғатты қорғау мекемелерінің бірі болып табылады. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің құрамына жергілікті маңызы бар Белодымов және Ерейментау мемлекеттік табиғат қорықтары мен жергілікті «Соколиные Горы» зоологиялық қорығы кіреді. Ұлттық парктің жалпы ауданы 88968 гектарды құрайды.

Қазақстанның он екінші ұлттық паркі БҰҰ-ның «Далалық экожүйелерді қорғау және орнықты басқару» Ғаламдық экологиялық қорының (ҒЭҚ) даму бағдарламасының қолдауымен «Жасыл Даму 2011-2014» салалық бағдарламасының шеңберінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитетінің шешімімен ұйымдастырылды. Қазақстан жер бетінде сақталған барлық табиғи Понтикалық жазық даланың маңызды бөлігіне ие, ал ежелгі дәуірден бастап, жазық дала жергілікті тұрғындар үшін маңызды экономикалық және экологиялық рөл атқарды. Дегенмен, бүгінгі күні жазық дала - Қазақстанда ең аз қорғалатын экожүйелердің бір түрі.

2012 жылы Ұлттық парктің (Орталық Қазақстан) аймағында басталған сүтқоректілер фаунасын жүйелі және жан-жақты зерделеудің логикалық жалғасы болып табылатын «Бұйратау МҰТП және оның қорғау аймағының (түрлердің құрамы мен популяциясының динамикасын бағалау, оның көші-қон бағыттарын анықтау) қазіргі заманғы күйі» жобасы әзірленді.

Қазіргі уақытта қазақтың шағын төбелеріндегі маңызы зор және бірегей бөлігі ретінде 2011 жылы құрылған «Бұратау мемлекеттік ұлттық табиғат паркі». Тың жерлерді игеру, орман-шабындық өсімдіктерін азайту, жайылым жерлерді артық пайдалану, жерді рекультивациялау және рекреациялау, урбанизация үдерістің негізсіз түрлері, өзен ағынын реттеу, автожолдар мен электр желілерін салу, топырақ пен ауа және су ортасының өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтармен ластануы сияқты шаралар аймақтың жалпы экологиялық жағдайына теріс әсерін тигізеді.

КСРО ыдырағаннан кейінгі біраз уақыттан бері табиғи экожүйелерге антропогендік әсер табиғи факторлардың әсерінен асып түсетін ауқымға жетіп, Қазақстанның табиғаты мен жануарлар әлеміне үлкен әсерін тигізе бастады. Халықтың тығыздығы жоғары болып келген және жануарлар әлемінің көптеген түрлері бар өңірлер экологиялық тұрақсыздыққа ұшырады. Экожүйелердің динамикалық биоалуантүрлілігін бұза отырып, олардың сапалық және сандық

көрсеткіштерінің өзгеруінен көрінетін табиғи, әлеуметтік және экологиялық жағдайдың нашарлауы байқалады. «Бұйратау» ұлттық паркінің аймағында тіршілік ететін сүтқоректілердің түрлер саны олардың биотоптарының жоғалуынан немесе мекен ету ортасының нашарлауы салдарынан азайған. Көптеген түрлері азайғандықтан жақын арада сирек кездесетін және саны аз деп саналатын санатқа жатуы мүмкін. Бұл топқа инсективтер өкілдерінің көпшілігі кіреді.

Соңғы 5 жылда Бұйратау ұлттық табиғат паркін құрғаннан кейін, жалпы экологиялық жағдай, оның экожүйелерінің жағдайы, сандық және сапалық биоалунтүрлілік айтарлықтай жақсарды: паркте мекендейтін жануарлар мен құстардың саны, әсіресе мониторингтік және негізгі түрлер тұрақталды; олардың көпшілігі оны ұлғайтудың тұрақты үдерісін көрсетті, бұл паркке жақын экожүйелерге жағымды әсер етті. 2012 жылдан бастап кешенді ғылыми зерттеулер жүргізіліп, ұлттық парк аймағының фаунасы мен флорасын зерттеу бойынша бастапқы нәтижелер алынды. «Бұйратау» МҰТП және оның іргелес аймақтарындағы сүтқоректі жануарларының фаунасын толық және сенімді түгендеу жұмыстарын жалғастыру, оларды мекендейтін түрлердің популяциясын бағалау, кеңістіктік бөлу, көшіп-кону және осыны бағалау негізінде аймақтық Қызыл кітапты құру мәселелері бар.

Қазіргі уақытта Қазақ тауларының барлық ландшафтары бірдей дәрежеде антропогендік болып табылады. Әр жерде биоалуандылық азайды, сондықтан осы аймақтың биоалуандылығын қорғауға бағытталған зерттеулер аса маңызды болып табылады. Зерттеулер жануарлар дүниесін мақсатты түрде және тиімді қорғауды жалғастыруға мүмкіндік береді, олардың қазіргі уақытта саны азайып, жойылып кетуге қауіпі бар. Бұл жұмыстың материалы «Бұйратау» МҰТП-ның және іргелес аймақтардың әр түрлі аудандарында жиналды. Далалық экспедиция ұлттық парктің әртүрлі ландшафтық аймақтарында жүргізілді. Экологиялық-фауналық зерттеулер парк ландшафтарының таулы, аймақтық-дала, шалғынды және шөлейт сияқты барлық түрлерін қамтиды. Ғылыми жұмыс барысында жалпы танылған қазіргі заманғы зерттеу әдістері қолданылады. Зерттеу материалдары, негізінен, ұлттық парктің және іргелес аймақтардың барлық негізгі биотоптарында жүргізілген.

Жануарлардың түрлерін сәйкестендіру дұрыстығына сәйкестендіргіштер мен фауналық есептерде берілген тиісті кестелер мен сипаттамаларға сәйкес тексерілді. Жануарлардың бақылау парктің - жайылымдар, шабындықтар, жапырақты орман, қылқан жапырақты орман, аралас орман, бұталар, жеміс өсімдіктер, тау жыныстары, су объектілеріне тән барлық жерлерде жүзеге асырылды.

Зерттеулер деректері бойынша, 2012-2017 жылдарға арналған «Бұйратау» МҰТП индикаторының нақты санын, сирек және Қызыл кітапқа тіркелген жануарлар мен құстардың динамикасы туралы мәліметтер. (кесте-1)

Кесте 1 - 2012-2017 ж.ж. «Бұйратау» МҰТП-ің сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енген жануарлар санының динамикасы

№	Түрдің атауы			Жыл саны					
	Қазақша	Латынша	Орысша	2012	2013	2014	2015	2016	2017
1	Бұғы ^и	Cervus elaphus	Олень благородный	57	62	71	90	105	114
2	Арқар ^{и*}	Ovis ammon	Архар	346	392	411	420	436	460
3	Бұлан ^р	Alces Alces	Лось	10	10	9	15	16	21
4	Елік ^и	Capreolus pygargus	Косуля	132	173	191	246	260	273
5	Доңыз ^и	Sus scrofa	Кабан	30	55	60	73	74	69

Примечание: * -Қызыл кітапқа енген, р –сирек кездесетін, и – индикаторлы түрі

Марал – қызыл бұғы өкілі болып табылады. Көптеген жылдар бойы жануарларды табиғи азықпен тамақтандыруға мүмкіндік беретін үлкен қоршау, бекітілген норма мен рационға сәйкес қысқы азықтандыру, тиісті санитарлық және ветеринарлық қадағалау нәтижесінде асыл тұқымды жануарларға жақсы жағдай жасалды. Барлық енгізілген аналық жас (1 жас немесе одан аз), сондықтан алғашқы бұғы 2004 жылы көктемде ғана пайда болды (кесте-2).

Кесте 2 - «Бұйратау» МҰТП-тің Маралдарының табиғи ортаға шығарылған саны туралы ақпарат


Шығарылған күні	Жасы мен жынысы				
	♂	♀	juv	белгісіз.	барлығы
2006 (желтоқсан)	-	-	-	19	19
2009 (қазан)	7	33	10	-	50
2010 (қараша)	18	14	8	-	40
2011 (қазан)	5	9	4	-	18
2013 (сәуір)	10	-	-	49	59
2016 (мамыр)	22	27	12	-	61
барлығы	62	83	34	49	247

6 шығарылымнан 247 марал босатылды. Босатылған жануарлардың негізгі бөлігі көктемнің басына дейін ашық тор қоршауда орналасады, сосын топтар шашырап, парктің барлық жерлеінде жайылып, қадағалау шегінен асып кетеді. Бірінші шығарылымнан кейін маралдар Ерейментау мен Нияздың барлық тауларында жайылып жүреді.

«Бұйратауда» бұғыларды барлық маусымда көруге болады. Сондықтан саны көбейіп, кейін жергілікті популяцияға айналуы мүмкін.

Арқар Ерейментауда кең тараған, тіпті көптеген жерлерде парктің кез-келген бөлігінен табылғанымен, олардың басым көпшілігі әрбір маусымға белгіленген орындарда орналасқан. Қарсыз кезеңде көптеген арқарлар


Ерейментаудың - Қаратау жотасы, Бүркіт, Ақдiң, Аягөз, Садыгүл, Күншолған, Бозайыр, Жуантөбе, Шайышкөлдегі тау жоталары бар ең жоғары, тегіс және жартасты жерлерде қалады. Қойлық, Күншолған, Қаратау, Шайушкүл тауларының негізгі жерлерінде туған.



1-сурет - Соңғы 6 жылдағы маралдар санының динамикасы

Соңғы жылдары қыстың қарлы болмай, арқарлардың әдеттегі орындарында қалып мекен еткен, ал бұрын олар шығысты бойлай отырып қардан ашық жерлер - Ақтау, Ақшоқы, Ұқшоқы, Керегетас, Серектас жоталарына қоныс аударған.

Елік - орман жануары, ол мамыр-тамыз айларында орманда мекен етеді. Орманның ішкі және сыртқы жағында қоректенеді. Еліктер жаз бойы мекендеген жерлерде қыстайды (сурет 2).



2-сурет - Соңғы 6 жылдағы еліктер санының динамикасы

Жұмысты жазу барысында «Бұйратау МҰТП » сүтқоректілерінің және іргелес аумақтардағы (түрлердің құрамы, кеңістіктік және биотопты үлестірім,

саны, мониторинг жүйесінің дамуы)» тақырыбы бойынша соңғы жылдық есептерден материалдар пайдаланылды [5].

Очерктерде таксондардың номенклатурасы және дәйектілігі, қазақ тіліндегі есімдері Қазақ КСРО-ның генетикалық қорының кітабынан алынған. 1-бөлім Омыртқалы жануарлар [6].

А.Бербердің еңбегінен очерк жазу үшін материалдың анағұрлым аз бөлігі алынды. «Аңшылық - Қазақстанның өндірістік ресурстары (есепке алу, қорғау)». Қарағанды, 2008. С 456 [7].

Алынған зерттеу материалдары жануарлардың популяциясын басқарудың, қоршаған ортаны қорғау шараларын жоспарлауда, биоалуантүрлілікті сақтау және ұтымды пайдалану негіздерін дамытумен және ерекше қорғалатын табиғат аймақтарының кең желісін құруды негіздей отырып, пайдаланылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Определитель. Млекопитающие фауны СССР. Часть 2 АН ССР. Зоологический институт: Издательство АН СССР. - Москва. Ленинград, 1963. с. 1095

2.Новиков Г.А. Полевые исследования по экологии наземных позвоночных - М.: Сов. Наука, 1953.- 432 с.

3.Насимович А.А. «Зоологические исследования»//Справочник путешественника и краеведа. Т.2 – М.: Госиздат географической литературы, 1950.-С. 497-536.

4.Кузнецов Б.А. Определитель позвоночных животных фауны СССР. Млекопитающие. Часть 3. М, 975.-106с.

5.Минаков А.И. Млекопитающие «ГНПП «Буйратау» и сопредельных территорий (видовой состав, пространственное и биотопическое размещение, численность, разработка систем мониторинга). // Итоговый отчет по НИР за 2012-2016 – п. Молодежный 2017.-84с.

6.«Книга генетического фонда фауны Казахской ССР». Ч.1. «Позвоночные животные». Алма-Ата: Наука, 1989 С. 56-164.

7.Сағалиев Н.А., Минаков А.И. «Динамика численности и миграции горного барана в Буйратауском ГНПП». Материалы межд. науч.-прак. конф. к 10-летию ГНПП «Көлсай көлдері» и Международному дню защиты снежного барса. Саты, 2017, С.52-57.

А.И. Минаков

О НЕОБХОДИМОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ И ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ МЕРОПРИЯТИЙ ПО ПРЕДОТВРАЩЕНИЮ ЭПИЗОТИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ ГОРНОГО БАРАНА И ДРУГИХ ПАРНОКОПЫТНЫХ В ЕРЕЙМЕНТАУСКОМ ГОРНОМ МАССИВЕ